24.05.2021-ғы № 6-08/ЗТ-А-603 шығыс хаты

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

140000, Павлодар қ., академик Сатбаев көш.,136
Тел.: 8 (7182) 32 5 550
E-mail: fink.pavl@minfin.gov.kz

140000, г. Павлодар, ул. академика Сатпаева, 136
Тел/факс: 8 (7182) 32 55 50
E-mail: fink.pavl@minfin.gov.kz

_____ № _____

ОФИ «Ар-Иман»

Сіздің (2021 06.05. кіріс № ЗТ-А-603, 2021 жылғы
19.05. № ЗТ-А-670, 649) 2021 жылғы 05.05. № 102318 өтініштеріңіз бойынша

ҚР ҚМ ІМАК Павлодар облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен (бұдан әрі - Департамент) Сәздәң өтініштеріңіз жөнінде хабарлайды, № 5626827-1 хабарландыруы 43140305-ГС31 лоты бойынша өткізілген «Мүгедектігі бар тұлғаларға әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ тиімді жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту саласында әлеуетті арттыру міселесі бойынша хабарланлыру және кеңес беру бойынша қызмет көрсету» *(Тапсырыс берушісі - «Павлодар облысы Павлодар қалысы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы»)* мемлекеттік сатып алуы камералдық бақылаумен қамтылды, қорытындысы бойынша мыналар анықталды.

«Үміт Үзбеу» ҚҚ әлеуетті жеткізушісінің конкурстық өтініміне қатысты

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ережесінің 233-тармағы 5), 7)-тармақшасына сәйкес Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Ереже конкурстық құжаттамаларының 12-қосымшасы 5-тармағымен мынадай бағалау критерийлері көзделген:

24.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады) 0-ден 4-ке дейін 0-бал Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болмауы; 1-балл - Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі, 2-балл - Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы екі жылдан астам бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі, 3-балл -Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі, 4-балл - Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызмет нарығындағы екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі, , 5-балл - Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі, 6-балл - Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызметтер нарығындағы бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі үшін беріледі.

Конкурстық құжаттамаға қойылатын талаптардың 12-ұосымшасының ескертуіне сәйкес сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін зерттеу барысында мыналар анықталды, конкурстық комиссиясымен «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің бар болуы» критериі үшін 0 баллдың орнына 2 балл қойылды, № 6 қосымшаға сійкес конкурстық құжаттамаға растаушы құжаттар, шот-фактурасы берілген жоқ.

Ереже конкурстық құжаттамаларының 12-қосымшасы 7-тармағымен мынадай бағалау критерийлері көзделген:

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** тәжірибесі мен біліктілігі, 0-ден 4-ке дейін 0-балл - Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі мен біліктілігі жоқ немесе мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі сәйкесінше құжаттармен расталмаған, 2-балл - Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі немесе біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған, 4-балл -Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі мен біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталғандыңы үшін беріледі.

Сонымен қатар, конкурстық комиссиясымен Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** тәжірибесі мен біліктілігіүшін 2 баллдың орнына негізсіз 4 балл берілген,

24.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

№6 қосымшада көрсетілген мәліметке сәйкес жобаға тартылған мамандарда ұсынылған әлеуметтік жобаға сәйкес келетін біліктілік жоқ.

Сондықтан «Үміт Үзбеу» ҚҚ конкурстық өтінімінде көрсетілген критерийлерді қате қолдану жөніндегі дәлелдеріңіз расталды және камералдық бақылау нәтижесі бойынша Ұйымдастырушыға жолданған хабарландыруда көрсетілді.

Камералдық бақылау ҚР ҚМ 2015 жылғы 30 қарашадағы «Камералдық бақылауды жүргізу ережесін бекіту туралы» № 598 бұйрығының 19-тармағына сәйкес жүргізілді.

Берілген жауаппен келіспеген жағдайда, ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) сот органдарына шағым беруге құқылысыз.

Басшының орынбасары **К. Ергашев**

Зекенова Д.К.32-18-10

Результаты согласования
24.05.2021 19:12:35: Капенова А. Т. (Отдел камерального контроля) - - согласовано без замечаний

24.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)